**ЦИКЛОГРАММА**
**І-апта (05.04.2021-09.04.2021ж.)**
**Ортаңғы «Қошақан» тобы**
**Өтпелі тақырып:**«Біз еңбекқор баламыз»
**Тақырыпша:**Аялайық гүлдерді
**Тәрбиеші:**М.М.Махмут

**Бекітемін:**
**Оқу-ісі жөніндегі орынбасары:А.Ж.Аманшеева**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 29.03.2021ж | Сейсенбі 30.03.2021ж | Сәрсенбі 31.03.2021ж | Бейсенбі 01.04.2021ж | Жұма 02.04.2021ж |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. | 8:00 - 8:30 | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:Аялайық гүлдерді туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | | **Үстел-үсті ойыны:** «Қуыршақты киіндереміз» **Мақсаты**: балаларды адамгершілікке сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. | **Ойын сұрақ**: «Көңілді доп» -Отбасы мүшесін ата. -Анаңа көмектесесіңбе -Үйге қонақ келгенде, сәлемдесе білемізбе? -Үйде іні-қарындасыңа қамқор бола білесіңбе? -Жарайсыңдар балалар! | **Дидактикалық ойын:** «Жыл мезгілін ата» **Мақсаты** :Жыл мезгілдеріне байланысты түсінектерін қалыптастыру,тақпақ, жұмбақтар арқылы сөздік қорын молайту. | Келді көктем қоңыр салқын желімен, Келді көктем нұрын шашқан күнімен. Келді көктем қызыл, жасыл гүлімен, Келді көктем әдемі құс үнімен. | **«Не ұшпайды?»** Мақсаты: ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу Ойынның шарты: Суреттен ұшатын, ұшпайтын заттарды ажыратып, аттарын ататқызу. |
| Таңертеңгі дене шынықтыру | | **Таңертеңгі жаттығулар кешені** №1Құралсыз 5-6минут<br>**Мақсаты:**Балалардың дене дамуын шынықтыру. | | | | |
| Гигиеналық шаралар Таңғы ас | 8:30 - 9:00 | **Ойын- жаттығу**<br>Оңға, солға бұрылдық,<br>Алға, артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып.<br>**Бата:** Асқа адалдық<br>Басқа амандық<br>Денге саулық<br>Берсін аумин | | | | |
| Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық | 9:00 - 9:15 | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | | **«Тәулік бөліктері» дид. ойын Мақсаты:** Тәулік бөліктерін және білімдерін бекіту, тәулік бөліктерін айтуға, ажыратуға жаттықтыру | **«Көп және біреу» дид.ойын Мақсаты:** Көп және біреу қатынасын білуге үйрету заттардың тең, тең емес топтарын | **«Сыңғыр-сыңғыр» дид.ойыны. Мақсаты**:Кеңістікте бағдарлау,дыбыс бағытын анықтай білу,есту қабілетін | **«Әдемі гүл»** Ойынның **мақсаты:** Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге | **«Апта күндері» Мақсаты:** Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | салыстыру | бағыттауды дамыту | машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас) | **9:15 - 10:20** | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:**«Шуақты күн»<br>**Мақсаты:**табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**«Пирамида»<br>**Мақсаты:**Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ, жұмыр мүсіндеу туралы мағлұмат беру; ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту; тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшықеттері қимылын жетілдіру; ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>**Музыка.**<br>**Тақырыбы:**«Тауық пен балапандар»<br>**Мақсаты:** Ойын – сауық арқылы балаларды музыка әлеміне жетелеу;. | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**«Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?»<br>**Мақсаты:**Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып , атқаратын қызмет аясына қарай салыстыра білуге үйрету. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту, бірлесіп жұмыс істеуге, досына көмек беруге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Құстар ұшып келді<br>**Мақсаты:**. Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру,жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Педагогтің | **Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**Биік-аласа.<br>Жуан -жіңішке<br>**Мақсаты:**заттардың биіктігі мен қалыңдығы туралы түсінік қалыптастыру және оларды салыстыруды үйрету; «биік-аласа, жуан-жіңішке, тар-кең)» деген сөздерді пайдалана отырып салыстыру; заттарды көзбен салыстыру, бір-бірінің үстіне қою, бастыру арқылы салыстыруды үйрету;<br>**Музыка.**<br>**Тақырыбы:**«Тауық пен балапандар»<br>**Мақсаты:** Ойын – сауық арқылы балаларды музыка әлеміне жетелеу;. | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**«Бақбақтар»<br>**Мақсаты:**Көйлек үлгісін әшекейлейге үйрету.<br>Саусақпен сурет салу дағдысын арттыру<br>**Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Құстар ұшып келді<br>**Мақсаты:**Тура жолмен жүруге үйрету. Орында тұрып қос аяқпен секіруге үйрету. Шағын топпен жүру,жүгіру кезінде қолды еркін қалыпта ұстап жүруге жаттықтыру. Педагогтің тапсырмасын тыңдау, орындау, белгі бойынша тоқтау дағдыларын бекіту | **Құрастыру**<br>**Тақырыбы:***«Үйлер»*<br>**Мақсаты:**Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге,олардың түсін,пішінін,көлемін,ажырата алуға және құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы**Қысқа секіртпемен секіру.<br>**Мақсаты:**табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тапсырмасын тыңдау, орындау, белгі бойынша тоқтау дағдыларын бекіту | | | қалыптастыру. |
| Серуенге дайындық. | **10:20 - 10:40** | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.<br>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |
| Серуен | **10:40 - 12:00** | **Суда жүзетін құстарды бақылау.**Бақылау<br>Балалардың назарын өзендегі мұз кетпесе де шағалалардың ұшып келгеніне назарын аудару. Одан кейін жабайы үйректер де ұшып келеді<br>**«Кімге не дәмді?»**<br>Суретке қарап әр құстың тамағын тауып,көрсету. Шағала-балық,үйрек-балдыр,көкқұтан-бақа,торғай-жем,жапалақ-тышқан және т.б | **Жәндіктерді бақылау(қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз,солдатиктер,маса)**Бақылау<br>Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау<br>Қимылды ойын<br>**«Көбелектер, бақалар,көкқұтан»**<br>Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көкқұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу.** | **Улы өсімдіктерді бақылау.(жабайы итмұрын,меңдуана)**<br>Бақылау<br>Балаларға улы өсімдіктер туралы түсінік беру. Бұл өсімдіктер барлық жерде өсуі мүмкін:жол жиегінде;сурет және белгілері,тәрбиеші суреттемесі бойынша өсімдіктерді айыра алуға үйрету<br>**«Көтермек»(қазақ ұлттық ойыны)**<br>Балалардың күшін,шыдамдылығын дамыту.(ойыншылар шынтақтарын қоса бір-біріне сүйене бір-бірін көтеруге тырысады).Жарысқа қызуғышылықтарын қолдау.<br>Еңбек іс-әрекеті<br>**Арам шөптерді жұлу** | **Бақбақтың өсуін бақылау**<br>Бақылау<br>Бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту.<br>Қимылды ойын<br>«Гүлдер»<br>Гүлдердін атауын пысықтау(ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). | ***Желге бақылау жасау****.Бақылау*: К өктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады.<br>Жұмбақ Мақал-мәтелКелсе де әні құлаққа,<br>Көшерімді жел білсінӨзін ешкім көрмейді<br>Қонарымды сай білсінЖусан,қамыс, құраққаТіптен маза бермейді..<br>*Қимылды ойын*:<br>**«Қақпақ пен таяқ».**<br>*Еңбек іс-әрекеті*: **Қажеттілік бойынша** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **жұмыс**Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды,өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету.Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. |
| Серуеннен оралу | **12:00 - 12:20** | . Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау | | | | |
| Күндізгі ұйқыға жатқызу | **13:00 - 15:10** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату | | | | |
| | | Баяу бесік жырын тыңдату | **Бір өгіз** ертегісін оқып беру. | Баяу музыка тыңдату | **Білу және түсіну** ертегісін оқып беру. | **Ізбасты** ертегісін оқып беру. |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар | **15:10 - 15:40** | 1.**Керуеттегі жаттығулар** ( 2-3 минут)<br>Ояну<br>Ояну үшін тезірек<br>Бойымызды созамыз<br>Күнге қарап күлімдеп<br>Көзімізді ашамыз.<br>Бойды түзе, көтер басты<br>Сергіп оян сен енді.<br>Көжектерім тұрыңдар,<br>Жаттығуды бастайық<br>Шынығайық тұрайық.<br>Бір – көтер кәне қолыңды | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Екі – төмен ұста қолыңды<br>Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды<br>Бес дегенде секір көрсет бойыңды.<br>Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.<br>6-7 рет<br>2.**Керует жанындағы жаттығулар**( 2 ,5минут)<br>Бойымызды жазайық.<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық.<br>- Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру.<br>- Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру.<br>- Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу.<br>- Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады.<br>7-8 рет<br>3.**Шынықтыру шарасы.**( 2-3 минут)<br>Көжектер серуенге шықты.<br>Бір – екі, бір – екі<br>Аяғымыз жүреді<br>Ілгектермен, тастармен<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Табанға массаж жасайды.<br>4.Демалуды қалыпқа келтіру<br>Міне, бүгін ойнадық<br>Ойнадық та, ойладық.<br>Көжектерше жүгіріп,<br>Жаттығулар жасадық.<br>Бүгін жаттығу жаңаша<br>Қалмадық біз оңаша<br>Біздің балабақшада<br>Күнде осындай тамаша!1,5 мин | | | | |
| Гигиеналық шаралары.Бесін ас. | **15:40**<br>**-**<br>**16:10** | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет. | **16:10**<br>**-**<br>**16:30** | **Дидактикалық ойын: «Жылы және суық түстер» Мақсаты:**<br>Жылы және суық | **«Ойыншықтар әлеміне саяхат»**<br>**Тақырыбы:**<br>Ойыншықпен | **Жеке баламен жұмыс**: «Қасқыр мен қоян» ертегісі<br>**«Далада не өседі?»** | **Көктем мезгілі»**<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілінде адамдардың іс-әрекетіне зейіндерін | **Дидактикалық ойын:** «Қолымда не бар?»<br>**Мақсаты**:ұзын- |